



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

08.06.2019

№ 113

Степногорск қаласы

город Степногорск

«Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2019 жылғы 02 маусымдағы № 88 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және Ақмола облысы білім басқармасының 2019 жылғы 07 маусымдағы № 10/2793 хаты негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру мекемелерінің әкімшілігі мен қызметкерлері:

1.1. Ата-аналар мен оқушылардан мектептің, сыныптың, топтардың әр түрлі қажеттіліктеріне ақша қаражатын жинау, сыбайлас жемқорлық әрекеттері фактілеріне жол берілмесін.

1.2. Нормативтік құжаттаманың болмағаны жағдайда ата-аналар мен оқушыларға ақшаны респонденторлыққа және осы қызмет түрін жүзеге асырмауға түсіндірілсін.

1.3. 2019-2020 оқу жылына оқушылар, ата-аналар, БМ қызметкерлеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары жаңартылсын.

1.4. Степногорск қаласының білім бөлімінің «Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы» бұйрығының мазмұны ата-аналардың, білім алушылардың заңды өкілдерінің ақпараттандырылуын қамтамасыз етсін.

1.5. Мектептерді, балабақшаларды және тағы да басқа білім ұйымдарын жөндеуге педагогтармен немесе ата-аналармен ақшалай қаражат жинауға қатаң тиым салынсын.

2. Білім беру мекемелерінің басшылары:

2.1. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындаған жағдайда жүгінген азаматтардың өтініштерін қарау мәселелері уақтылы, тұрақты бақылауда ұстансын.

2.2. 2018-2019 оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілуі кезінде білім алушылардың құқықтарының сақталуы қамтамасыз етілсін.

2.3. Мемлекеттік қорытынды аттестаттау өткізілу кезінде заңдылықтың және ақпараттық қауіпсіздік шараларының сақталуын қамтамасыздандырсын.

- 2.4. Білім беру мекемелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер туралы нормативтік құжаттарды мінсіз орындауы қамтамасыз етілсін;
 - 2.5. Білім беру ұйымдарының басшыларына жөндеу жұмыстарын орындауға педагог қызметкерлерді тартуға тыйым салынсын.
 - 2.6. Білім мекемесінде сыбайлас жемқорлық орын алған жағдайда білім бөлімі уақытымен хабардар етілсін;
 - 2.7. Тиісті ақпаратты білім беру ұйымдарының сайттарында және акаунттарында 14.06.2019 жылға дейін орналастырылсын.
 - 2.8. Мұндай бұзушылықтар анықталған жағдайда білім беру ұйымдарының басшыларын қатаң тәртіптік жауапкершілікке тарту, жауапты тұлғаларды атқаратын қызметтерінен босатылуы қарастырылсын.
 - 2.9. Мектеп сайттарына оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды іске асыру туралы жоспары, ақпараттық-талдау материалдары жүйелі түрде орналастырылсын.
 - 2.10. Төксан сайын бюджеттен тыс қаражаттың пайдаланылуы туралы есепті мектеп сайтына орналастырылсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімі басшысының орынбасары А.Оспановаға жүктелсін.

Білім бөлімінің басшысы



Т.Семенов